Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорлары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 280

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат) сәйкес және мемлекеттің бірыңғай экологиялық саясаты мен оны тұрақты дамытудың стратегиялық жоспарларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 - 6 .

Ескерту. 1-6-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2002.03.05. N 272 қаулысымен. P020272_

7. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасындағы табиғат қорғау қорлары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қазандағы N 1024 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1993 ж., N 41, 482-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қазандағы N 1024 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 қазандағы N 1113 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 41, 448-құжат);

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық сараптама қаражатынан ақы төлеу және оны пайдалану тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 маусымдағы N 549 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 1 сәуірдегі
N 280 Қаулысына
қосымша

Мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорларының
ТІЗБЕСІ

"Республикалық қоршаған ортаны қорғау" мемлекеттік қоры

"Ақмола облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Ақтөбе облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Алматы облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Атырау облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Шығыс Қазақстан облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Жамбыл облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Батыс Қазақстан облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Қарағанды облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Қостанай облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Маңғыстау облыстық қоршаған ортаны қорғау қоры" жергілікті мемлекеттік қоры

"Павлодар облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Солтүстік Қазақстан облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Оңтүстік Қазақстан облыстық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Ақмола қалалық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

"Алматы қалалық қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 1 сәуірдегі
N 280 Қаулысымен

бекітілген

"Республикалық қоршаған ортаны қорғау қоры"
мемлекеттік қоры туралы
ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Мемлекеттің бірыңғай экологиялық саясатын іске асыруды қаржылық қолдау.

I. Жалпы ережелер

1. "Республикалық қоршаған ортаны қорғау" мемлекеттік қоры (бұдан әрі - Қор) мемлекеттің экологиялық саясатын және оның қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық жоспарларын іске асыру мақсатында құрылады.

2. Қор заңды тұлға болып табылады және осы Ережеде белгіленген құқықтарды пайдаланады. Қордың оқшауланған мүлкі, дербес балансы, бюджеттік және өзге де шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде атауы жазылған мөрі болады.

3. Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына,

заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қор мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығын алады.

5. Қор мына мекен-жай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, Карл Маркс көшесі, 81.

II. Басымдықтары

6. Қор өз қызметінің аясында мына басымдықтарды басшылыққа алады:

мемлекеттің экологиялық саясаты мен оның қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық жоспарларынан туындайтын жобаларды қаржыландыру;

экологиялық құрылымдарға, ағартуға, экологиялық туризмге және көгалдандыру жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға ықпал ету жолымен қоғамның экология проблемаларына оң қатынасын қалыптастыру;

халықаралық қаржы көмегін қоса алғанда қоршаған ортаны қорғауға арналған қаражатты қамтамасыз ету және басқару.

III. Қордың негізгі тапсырмалары және қызметінің нысанасы

7. Қордың негізгі тапсырмалары:

қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға, сондай-ақ халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басым экологиялық республикалық және аймақтық бағдарламаларды қаржыландыру;

табиғат қорғау шаралары мен бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған қаражатты қалыптастыру және бөлу;

табиғи ресурстарды ұқыпты және тиімді пайдалануды ынталандыру;

ресурс үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды енгізуге ықпал ету болып табылады.

8. Қор қызметінің нысанасы:

қаражатты осы Ережеде айқындалған міндеттерді және басқа да

кезек күттірмейтін экологиялық проблемаларды шешуге бағыттау;

тазарту құрылғыларын, табиғат қорғау объектілерін салуға және қайта жаңартуға қатысу;

экологиялық білім беруді, ағартуды, экологиялық туризмді, сондай-ақ көгалдандыру жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды дамытуға ықпал ету;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге ықпал ету;

қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін өзге де қызметтерді жүзеге асыру болып табылады.

IV. Қордың құқықтары мен міндеттері

9. Қордың өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өз қызметі туралы ақпарат таратуға;

жергілікті мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорларының қызметін үйлестіруге және бақылауға;

қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық ұйымдардың тарапынан мақсатты жобалар мен бағдарламалардың қаржыландырылуын үйлестіруге;

шарттар мен келісім-шарттар жасасуға;

қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру шараларын қолдануға;

қоршаған ортаны қорғау саласында қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

10. Қор өз қызметін жүзеге асыруы кезінде:

уәкілетті мемлекеттік органдарға заңдарда көзделген Қорға алымдар мен төлемдердің толықтығын қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуге;

Қор қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

қолданылып жүрген заңдарда көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

V. Қордың басқару органдары

11. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Қордың басқару органы болып табылады.

12. Қордың жедел және ағымдағы міндеттерін шешу үшін Қор Басқармасы құрылады.

VI. Қордың басқарушы органы

13. Басқарушы орган Қор қызметінің негізгі бағыттарына қатысты шешім қабылдайды.

14. Басқарушы органның құзыретіне:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгілік Ереженің негізінде жергілікті мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорлары туралы ережелерді бекіту;

Қордың ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

Қор мен жергілікті мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорлары қызметінің жылдық жоспарын, жылдық есептерін бекіту;

тәуелсіз аудиторларды шақыру арқылы Қордың қызметіне тексерулік тексерістер ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;

жергілікті мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорлары басқармасының құрамын айқындау;

Қор қызметінің басқа да мәселелері кіреді.

VII. Басқарма

15. Басқарма атқарушы орган болып табылады және Қордың қызметін күнделікті басқаруды жүзеге асырады. Қордың басқармасы заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес Қордың мүлкін басқарады, оның қаражатына билік етеді. Басқарма Басқарманың төрағасынан - Қордың директорынан және Басқарманың 4 мүшесінен тұрады. Басқарманың мүшелерін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі тағайындайды. Қордың директорын Экология және табиғи ресурстар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындайды.

16. Басқарманың қызметіне тікелей басшылық жасауды Қордың

директоры жүзеге асырады. Қордың директоры Басқармаға есепті, Басқарушы органның құзыретіне кіретіндерді қоспағанда Қор қызметінің барлық, оның ішінде оған Басқарма жүктеген, мәселелерін шешеді.

17. Қор Басқармасының өкілеттігі:

Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

Қордың бухгалтерлік балансы мен оның қызметінің жылдық есебін Басқарушы органның бекітуіне ұсыну;

қызметтің жылдық жоспарының жобасын дайындау және оның атқарылуына бақылау жасау;

Қордың ақша қаражатын қоса алғанда оның мүлкіне иелік ету;

Қордың қызметкерлерін қызметке қабылдау және қызметтен босату;

бюджеттік және өзге де шоттарды ашу, штаттық кестені бекіту;

осы Ережеде белгіленген шектерде өзге де заңды және жеке тұлғалармен, сондай-ақ мемлекеттік органдармен қатынастарда Қорды білдіру;

Қордың атынан шарттар (келісім-шарттар) жасасу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

Қордың міндеттемелерінен туындайтын басқа да өкілеттіктер болып табылады.

VIII. Қордың қаражатын қалыптастыру

18. Қордың қаражаты:

заңдарда көзделген мөлшерлерде жергілікті мемлекеттік қорлардың аударымдарының;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалар мен жобаларды

іске асыруға бағытталған халықаралық көмектің;

заңдарға қайшы келмейтін басқа да кірістер мен түсімдердің есебінен қалыптастырылады.

IX. Қордың қаражатын пайдалану

19. Қордың қаражаты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қордың бюджетіне сәйкес пайдаланылады.

20. Қордың қаражаты қаржыландырудың басқа да көздерін алмастырмастан:

қоршаған ортаны қорғаудың сапасын жақсартуға және халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға үлестік қатысуға;

ғылыми-техникалық зерттеулерге, ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды енгізуге жәрдемдесуге;

қоршаған ортаның сапасын жақсартуға бағытталған нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеуге қатысуға;

заңды тұлғалар - табиғатты пайдаланушылар жүзеге асыратын табиғатты қорғау объектілерін салу мен қайта жаңартуды қаржыландыруға қатысуға;

мемлекеттік экологиялық сараптауды қаржыландыруға;

айрықша қорғалатын табиғи аймақтарды құруға және жайластыруға, қоршаған ортаның ластануының нәтижесінде залал келтірген табиғи ресурстарды қайта қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

белгіленген тәртіппен азаматтарға қоршаған ортаның ластануына және оған өзге де қолайсыз әсер етілуіне орай олардың денсаулығына келтірілген залалды өтеуге арналған өтемақы сомаларын төлеуге;

экологиялық тәрбие мен білім беруді дамытуға;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

Қор Басқармасының аппараты мен оның материалдық-техникалық базасын ұстауға;

табиғи зілзалалардың зардаптарын болдырмауға және жоюға және олар қоршаған ортаға тигізген залалды өтеуге;

қоршаған ортаны қорғауға бағытталған және қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да мақсаттарға пайдаланылады.

21. Қордың қаражатын қоршаған ортаны қорғауға байланысты емес

мақсаттарға жұмсауға тыйым салынады.

22. Қордың кірістері Қордың міндеттерін қаржыландыруға бағытталады.

X. Қордың есебі және есептілігі

23. Қордың бухгалтерлік есебі мен есептілігі қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

24. Қордың Басқармасы үш айда бір рет басқарушы органға Қордың қаражатының жұмсалуы туралы қаржылық есеп ұсынады.

25. Қордың Басқармасы есепті жылдың қорытындылары бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуы үшін, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне Қордың және жергілікті мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау қорларының қызметінің аяқталған жылғы нәтижелері туралы баяндама жолдайды.

XI. Жауапкершілігі

26. Қор өз қызметінің нәтижесі үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жауапкершілікте болады.

XII. Қорды қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қорды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 1 сәуірдегі
N 280 Қаулысымен
бекітілген

"Облыстық (қалалық) қоршаған ортаны қорғау қоры"
жергілікті мемлекеттік қоры туралы үлгі

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Мемлекеттің бірыңғай экологиялық саясатын іске асыруды қаржылық

қолдау.

I. Жалпы ережелер

1. "Облыстық (қалалық) қоршаған ортаны қорғау" жергілікті мемлекеттік қоры (бұдан әрі - Қор) мемлекеттің экологиялық саясатын және оның қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық жоспарларын іске асыру мақсатында құрылады.

2. Қор заңды тұлға болып табылады және осы Ережеде белгіленген құқықтарды пайдаланады. Қордың оқшауланған мүлкі, дербес балансы, бюджеттік және өзге де шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған

мөрі болады.

3. Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қор мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығын алады.

5. Қордың заңдық мекен-жайы:_____
_____

II. Басымдықтары

6. Қор өз қызметінің аясында мынадай басымдықтарды басшылыққа алады:

мемлекеттің экологиялық саясаты мен оның қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық жоспарларынан туындайтын жобаларды қаржыландыру;

экологиялық білімге, ағартуға, экологиялық туризмге және көгалдандыру жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға жәрдемдесу жолымен қоғамның экология проблемаларына оң қатынасын қалыптастыру;

халықаралық қаржы көмегін қоса алғанда қоршаған ортаны қорғауға арналған қаражатты қамтамасыз ету және басқару.

III. Қордың негізгі тапсырмалары және қызметінің нысаны

7. Қордың негізгі тапсырмалары:

қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға, сондай-ақ халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басым экологиялық облыстық (қалалық) және аймақтық бағдарламаларды қаржыландыру;

табиғат қорғау шаралары мен бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған қаражатты қалыптастыру және жұмсау;

табиғи ресурстарды ұқыпты және тиімді пайдалануды ынталандыру;

ресурс үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды енгізуге жәрдемдесу болып табылады.

8. Қор қызметінің нысанасы:

қаражатты осы Ережеде айқындалған міндеттерді және басқа да

кезек күттірмейтін экологиялық проблемаларды шешуге бағыттау;

тазарту құрылғыларын, табиғат қорғау объектілерін салуға және қайта жаңартуға қатысу;

экологиялық білім беруді, ағартуды, экологиялық туризмді, сондай-ақ көгалдандыру жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды дамытуға жәрдемдесу;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге жәрдемдесу;

қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру болып табылады.

IV. Қордың құқықтары мен міндеттері

9. Қордың өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өз қызметі туралы ақпарат таратуға;

қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық ұйымдардың

тарапынан мақсатты жобалар мен бағдарламалардың қаржыландырылуын үйлестіруге;

шарттар мен келісім-шарттар жасасуға;

қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру шараларын қолдануға;

қоршаған ортаны қорғау саласында қолданылып жүрген заңдарға

қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

10. Қор өз қызметін жүзеге асыруы кезінде:

уәкілетті мемлекеттік органдарға заңдарда көзделген Қорға алымдар мен төлемдердің толықтығын қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуге;

"Республикалық қоршаған ортаны қорғау қоры" мемлекеттік қорына заңдарда көзделген мөлшерлерде аударымдар жүргізуге;

Қор қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

қолданылып жүрген заңдарда көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

V. Қордың басқару органдары

11. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Қордың басқару органы болып табылады.

12. Қордың жедел және ағымдағы міндеттерін шешу үшін Қор Басқармасы құрылады.

VI. Қордың басқарушы органы

13. Басқарушы орган Қор қызметінің негізгі бағыттарына қатысты шешім қабылдайды.

14. Басқарушы органның құзыретіне:

осы Ереженің негізінде Қор туралы ережені бекіту;

Қордың ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

Қор қызметінің жылдық жоспарын, жылдық есептерін бекіту;

тәуелсіз аудиторларды шақыра отырып Қордың қызметіне тексерулік тексерістер ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау;

Қордың Басқармасының құрамын айқындау;

Қор қызметінің басқа да мәселелері кіреді.

VII. Басқарма

15. Басқарма атқарушы орган болып табылады және Қордың қызметін күнделікті басқаруды жүзеге асырады. Қордың басқармасы заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес Қордың мүлкін Басқарады, оның қаражатына билік етеді. Басқарма 5 адамнан тұрады. Басқарманың мүшелерін басқармашы орган тағайындайды.

16. Басқарманың қызметіне тікелей басшылық жасауды Қордың

директоры жүзеге асырады. Қордың директоры Басқармаға есепті, Басқарушы органның құзыретіне кіретіндерді қоспағанда Қор қызметінің барлық, оның ішінде оған Басқарма жүктеген, мәселелерді шешеді.

17. Қор Басқармасының өкілеттіктері:

Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

Қордың бухгалтерлік балансы мен оның қызметінің жылдық есебін басқарушы органның бекітуіне ұсыну;

қызметтің жылдық жоспарының жобасын дайындау және оның атқарылуына бақылау жасау;

Қордың ақша қаражатын қоса алғанда, оның мүлкіне иелік ету;

Қордың қызметкерлерін қызметке қабылдау және қызметтен босату;

бюджеттік және өзге де шоттар ашу, штат кестесін бекіту;

осы Ережеде белгіленген шектерде өзге де заңды және жеке тұлғалармен, сондай-ақ мемлекеттік органдармен қатынастарда Қорды білдіру;

Қордың атынан шарттар (келісім-шарттар) жасасу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

Қордың міндеттемелерінен туындайтын басқа да өкілеттіктер болып табылады.

VIII. Қордың қаражатын қалыптастыру

18. Қордың қаражаты:

1) ластайтын заттарды тастағаны, өндірістің қалдықтарын орналастырғаны және белгіленген лимиттердің шектерінде тұтынғаны үшін; белгіленген лимиттерден тыс қоршаған ортаны ластағаны үшін; қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу туралы талап-арыздар

бойынша алынған және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін айыппұл;

тәркіленген аңшылық және балық аулау құралдарын, заңсыз өндірілген өнімді сатудан алынған төлемдердің;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға бағытталған халықаралық көмектің;

3) заңдарға қайшы келмейтін басқа да кірістер мен түсімдердің есебінен қалыптастырылады.

IX. Қордың қаражатын пайдалану

19. Қордың қаражаты басқарушы орган бекітетін Қордың бюджетіне сәйкес пайдаланылады.

20. Қордың қаражаты қаржыландырудың басқа да көздерін алмастырмастан:

қоршаған ортаны қорғаудың сапасын жақсартуға және халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға үлестік қатысуға;

ғылыми-техникалық зерттеулерге, ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды енгізуге жәрдемдесуге;

қоршаған ортаның сапасын жақсартуға бағытталған нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеуге қатысуға;

заңды тұлғалар - табиғатты пайдаланушылар жүзеге асыратын табиғатты қорғау объектілерін салу мен қайта жаңартуды қаржыландыруға қатысуға;

мемлекеттік экологиялық сараптауды қаржыландыруға;

айрықша қорғалатын табиғи аймақтарды құруға және жайластыруға, қоршаған ортаның ластануының нәтижесінде залал келтірген табиғи ресурстарды қайта қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

белгіленген тәртіппен азаматтарға қоршаған ортаның ластануына және оған өзге де қолайсыз әсер етілуіне орай олардың денсаулығына келтірілген залалды өтеуге арналған өтемақы сомаларын төлеуге;

экологиялық тәрбие мен білім беруді дамытуға;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

Қор Басқармасының аппараты мен оның материалдық-техникалық базасын ұстауға;

табиғи зілзалалардың зардаптарын болдырмауға және жоюға және олар қоршаған ортаға тигізген залалды өтеуге;

қоршаған ортаны қорғауға бағытталған және қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да мақсаттарға пайдаланылады.

21. Қордың қаражатын қоршаған ортаны қорғауға байланысты емес мақсаттарға жұмсауға тыйым салынады.

22. Қордың кірістері Қордың міндеттерін қаржыландыруға бағытталады.

X. Қордың есебі және есептілігі

23. Қордың бухгалтерлік есебі мен есептілігі қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

24. Қордың Басқармасы үш айда бір рет басқарушы органға Қордың қаражатының жұмсалуы туралы қаржылық есеп ұсынады.

25. Қордың Басқармасы есепті жылдың қорытындылары бойынша "Республикалық қоршаған ортаны қорғау қоры" мемлекеттік қорына қызметінің аяқталған жылғы нәтижелері туралы баяндама жолдайды.

XI. Жауапкершілігі

26. Қор өз қызметінің нәтижесі үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жауапкершілікте болады.

XII. Қорды қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қорды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК